

ОӘК: 37.015

**Акманова Галия Рахмтоллаевна**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.  
e-mail: [nurgul\\_0174@mail.ru](mailto:nurgul_0174@mail.ru)

**Коккозева Кульчария Шамильевна**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.  
e-mail: [seke-0670@mail.ru](mailto:seke-0670@mail.ru)

**Жайрғазина Нургуль Тоқановна**

Магистр, аға оқытушы Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.  
e-mail: [nurgul\\_0174@mail.ru](mailto:nurgul_0174@mail.ru)

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ РӨЛІ**

*Мақалада авторлар қауымы бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастырудағы отбасы тәрбиесінің қоғамдық рөлін жан-жақты әртүрлі әдебиеттерден қарастырған. Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі - дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі - дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіру оны тұлға ретінде қалыптастыру.*

*Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы - ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.*

*Отбасында балалардың мүмкіндіктерін барынша дамыту оны өмірдің қолдана білуге еңбек етуге, еңбектің қандай түрін болса да атқаруға психологиялық тұрғыдан даяр болуға, шығармашылық әрекетке даярлыққа әрдайым өзінің білімін жетілдіріп отыруға тәрбиелеу қажет. Жеке бастың пайдасы мен ұжымдық пайданың үйлесімділігін табуға іскерлікке, ізгілікке өздігінен ізденуге, өзін-өзі жетілдіруге тәрбиелеудің мәні зор.*

**Түйін сөздер:** отбасы, отбасы тәрбиесі, ата-ана, балалар, тұлғалық қасиет, жеке тұлғаның қалыптасуы, баланы тәрбиелеу, ата-ананың өзін-өзі тәрбиелеуі, тәлімдік дәстүрлер, адамгершілік қасиет, отбасындағы өзара қарым-қатынас, отбасылық дәстүрлер, отбасындағы еңбекке қатынас, татулық, достық, жанашырлық, адалдық, сыйластық, қарым-қатынас.

*В статье авторы рассматривают общественную роль семейного воспитания в формировании личностных особенностей учащихся начальных классов. Семья-самый маленький образ человеческого общества. В обществе семья выполняет две функции, одна из которых-рождение поколения, другая-формирование личности, обеспечивающего физическое развитие рожденного ребенка.*

*Воспитание семьи неразрывно связано с изменениями в обществе, поэтому оно должно служить интересам общества. Семья-это социальная среда, развивающая первую личность. В семье существует множество условий, способствующих личностным качествам ребенка. Например, культурный уровень членов семьи благоприятно влияет на усвоение ребенком различных социальных ценностей.*

*Всемерное развитие возможностей детей в семье должно воспитывать умение трудиться в использовании его жизни, быть психологически подготовленным к выполнению какого-либо вида труда, постоянно совершенствовать свои знания в подготовке к творческой деятельности. Большое значение имеет воспитание умения, самостоятельности, гуманизма на получение выгоды личности и сочетания коллективных выгод.*

**Ключевые слова:** семья, семейное воспитание, родители, дети, личностные качества, становление личности, воспитание ребенка, родительское воспитание, воспитательные традиции, нравственные качества, взаимоотношения в семье, семейные традиции, отношение к труду в семье, мир, дружба, дружба, сострадание, честность, уважение, отношения.

*In the article the authors consider the social role of family education in the formation of personal characteristics of primary school students. The family is the smallest image of human society. In society, the family performs two functions, one of which is the birth of a generation, the other is the formation of a personality that ensures the physical development of the born child.*

*Family education is inextricably linked to changes in society, so it should serve the interests of society. The family is the social environment that develops the first personality. In the family, there are many conditions that contribute to the personal qualities of the child. For example, the cultural level of family members has a positive effect on the child's assimilation of various social values.*

*All-round development of opportunities of children in a family has to bring up ability to work in use of its life, to be psychologically prepared for performance of any type of work, constantly to improve the knowledge in preparation for creative activity. Of great importance is the education of skills, independence, humanism for the benefit of the individual and the combination of collective benefits.*

**Keywords:** family, family education, parents, children, personal qualities, personality formation, child education, parental education, educational traditions, moral qualities, relationships in the family, family traditions, attitude to work in the family, peace, friendship, friendship, compassion, honesty, respect, relationships.

М.Әуезовтің «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген нақыл сөзінің мағынасы тереңде жатыр. Яғни, болашақ тізгінін ұстар, елінің ертені болар, халқының үмітін ақтай білетін дені сау, білімді де саналы жас ұрпақты өсіру талабынан туындап отыр. Осы ұлы мақсаттарға жету жолында киелі де қасиетті екі түсінік бар.

Бірі баланың бастапқы тәрбие мектебі алтын бесігі – отбасы болса екіншісі, алтын ұя - мектебі. Бұл екі ортаның да мақсат - мүддесі ортасы.

Отбасы, ата-ана адамды дүниеге әкеліп қалыптастырып, дамытып жетілдірсе адам бойындағы бар игі қасиеттер мектеп қабырғасында қаланады. Бұл киелі жерде қызмет ететін мұғалім мен ата-анаға жауапкершіліктің үлкен жүгі артылған.

Ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым жақсы жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»-деп көрегендікпен ой түйген. Бала өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің ірге тасы ата-ана арқылы отбасында қаланады.

Дана халқымыз «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, ата-ананың әрбір іс-әрекеті балаға үлкен сабақ. Әрбір ата-ана өз балаларының тұңғыш тәрбиешілері, бала ата-ананың адамгершілік өмірінің айнасы. [4]

Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бірін-бірі қадірлеуінен, өзара бірлігі мен түсінушілігінен ата-ана мен балалар арасындағы мейірімді қарым-қатынасының қалыптасуынан, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді толып жатқан жазылмаған заңдылықтар арқылы көрініс табады.

Кішкентай сәбилердің үлкендер не айтса соны айтатыны, не істесе соны істейтінін күнделікті өмірде жиі көрніс табады. Сондықтан да отбасы -баланың бастауыш тәрбие мектебі дегеніміз өте орынды. Ата-ананың баланың қалыптастырудағы рөлі өте зор. Ата-ананың бала алдында, жеке басының үлгі-өнегесі, беделі жоғары болуы керек.

Кез-келген адам ұшқыш немесе ұста бола алмайды. Ал өмірге ұрпақ әкелген соң өнегелі отбасы құрып, әке мен ана болу - әрбір адамның міндеті.

Ата-ананың киім киюі, сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы, өзгеге деген ілтипаты, үй ішіндегі тазалық пен тәртіп, сыпайы мінез, мейірімділік, төзімділік, балаға деген сүйіспеншілік тәрбие барысында өзінің оң нәтижесін берері анық. Баланың үйде көргені, ата-анасының жақын туған туыстарынан естігені - ол үшін тәрбиенің ең үлкені. Осы тұста сүрінбеу үшін ата-ананың мінез-құлқының, ізетті қасиеттерінің, жалпы мәдени дәрежесінің деңгейі өте жоғары болуы керек.

Баланың жаны мен тәні таза, рухани бай дені сау етіп өсірумен бірге еңбекке деген сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа, адалдыққа, жинақылыққа баулып өсіру шарт. Осы тамаша қасиеттердің бәрін ата-ана бойынан тауып соған еліктеп өссе және әрбір ата-ана баласының жүрегінен жол тауып, оның өмірдегі шынайы досына айналса тер төккен еңбегінің жанғаны.[5]

«Қарға баласын аппағым дер», «кірпі баласын жұмсағым дер» дегенді ескеріп, баланы қанша жақсы көргенмен оның жасаған жағымсыз қылықтары мен елеулі қателіктерін ескерусіз қалдыруға мүлде болмайды.

Әрине, ол үшін баланың намысын қорламай, ар-ожданын аяққа-таптамай, сезімсіздікпен қарамай байыпты ақылмен, қамқор сөзбен түсіндіру қажет. Сәл ғана сәтсіздігіне бола балаға сенімсіздік білдіру оны алғай ұмтылдырмайтын, жігерсіз жасық бала болуға итермелейді. Ал бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі жіберген үлкен олқылығы.

Тәрбие ешқандай үзіліс дегенді білмейді. Ол тұрмыста, ойын үстінде, оқу, еңбек барысында барлық кезде жүре береді. Сондықтан «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» екенін ескеріп, жас ұрпақты саналы азамат етіп тәрбиелеу – ең негізгі міндетіміз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде ұлы Абайдың даналық ойларына терең үңіліп көрейікші.

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің өмірің алдында  
Оған қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ,

Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой  
Қанағат, рахым ойлап қой  
Бес асыл іс көнсеңіз.

Мұндағы қашық болатын бес қасиетке бала бойын алдыртпасақ, ал асық болатын бес нәрсені тәрбиенің түп қазығы етіп алсақ көздеген мақсатқа жетеріміз анық.

Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі - дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі - дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіру оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы - ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.[6]

Отбасында балалардың мүмкіндіктерін барынша дамыту оны өмірдің қолдана білуге еңбек етуге, еңбектің қандай түрін болса да атқаруға психологиялық тұрғыдан даяр болуға, шығармашылық әрекетке даярлыққа әрдайым өзінің білімін жетілдіріп отыруға тәрбиелеу қажет. Жеке бастың пайдасы мен ұжымдық пайданың үйлесімділігін табуға іскерлікке, ізгілікке өздігінен ізденуге, өзін-өзі жетілдіруге тәрбиелеудің мәні зор.

«Баланың құқы жөніндегі конвенцияда» (1989) отбасында баланың құқық қорғау, оған қамқорлық жасауы көрсетілген. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа да отбасы мүшелерінің береке-бірлікті, түсіністікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқы қорғалуы тиіс. Тек осындай ізгілік мұраттар отбасында орын алғанда ғана отанын, елін жерін сүйетін, өз ұлтының салт-дәстүрін, сонымен бірге жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды бойына сіңіріп, өзінің кісілік келбетін сақтай алатын тұлға тәрбиелеуге болады. Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді.[7]

Ғасырлар бойы қазақ отбасында сақталған тәлімдік дәстүрлер мол. Сол дәстүрлер сабақтастығы бүгінгі бала тәрбиесінде жалғасын табуда. Отбасында халықтық рухани - интеллектуалды мұраларын, мәдени құндылықтарды жандандырып, рухани ұлттық сипаттағы мінезді қалыптастыру өмірдің талабынан туындап отыр.

Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі отбасы және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажетінен қамтамасыз етуден тыңбайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып еңбек ету қажеттігін түсінетін болады. Отбасы тәрбиесі кешенді педагогикалық мақсаттылығы арқылы іске асады.

Белгілі педагог А.С.Макаренко «Ата-анаға арналған кітабында», бала тәрбиесінде сіздің іс-қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде, тіпті сіз үйде болмаған кезде де іске асады.

Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, өзгелермен қалай сөйлесетініңіз, олар туралы не ойлайтыныңыз, қалай күлетініңіз, қалай газет оқығаныңыз, осы іс әрекеттеріңіздің бәрі де баланың үшін маңызды. Тіпті дауыс екініңіз өзгеруін де бала сезінеді. Сіздің барлық ойыңыз баланың көкейіне беймәлім жолмен жетіп жатады, сіз оны байқамайсыз да. Ал сіз отбасыңызда дөрекілік-көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеніз, осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз», - дейді.[8]

Ересектер мен балалардың өмірі тек өнегелі іс-қимылдардан тұрмайтыны белгілі, кейде олар шалыс басады, ол кезде тіпті, кейбіреулер қылмысқа дейін барады. Сондықтан да есею жолындағы басты нәрсе - баланы парасатты іске адалдыққа үйрету, жақсы іс атқару, ата-ананың мұғалімді, достары мен таныстарын, бейтаныс адамдарды да қуанта білуі.

Еліміздегі саясат пен экономикадағы түбірлі өзгерістер қоғамымыздың барлық саласын, соның ішінде білім беру жүйесі және оның алғашқы баспалдағы-мектепке дейінгі тәрбиені де қамтып отыр. Бұл кездейсоқ нәрсе емес. Ұзақ уақыттар бойы біз мектеп жасына дейінгі баланың тәрбиесінде отбасының алатын орнын жеткілікті дәрежеде ескермей келдік.

Көбінесе қоғамдық тәрбиеге баса назар аударып, әсіресе, оның бала дамуына тигізетін жетекші рөліне сүйендік. Ал бүгінгі таңда мемлекетіміз мектепке дейінгі мекемелер жүйесін толыққанды қаржы және материалдық жағынан қамтамасыз ете алмауы себепті балабақшалар көптеп қысқара бастады. Соған орай керісінше тенденция - отбасындағы тәрбиенің рөлі күшейту талабы қойылып отыр. Көптеген елдерде балалардың екі тәрбие ошағында да - отбасы және мектепке дейінгі мекемелерде де қатар тәрбиеленіп дамуы -жүзеге асуда. Жоғары дәрежеде дамыған елдердің бір қатарында мектеп жасына дейінгі балалардың басым көпшілігі қоғамдық балалар мекемелеріне барады. Мысалы, Францияда - 95 %; Швецияда, Финляндияда - 65-75% т.б. Отбасы - бала жанына жақын, жеке туысқандық қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. [9]

Үлкендердің балаға шексіз сүйіспеншілігі, еркін - жарқын сөйлесу, аялау еркелету, қалыптасқан отбасылық дәстүрлер, әдет және т.б. тағылымды тәрбиенің негізін қалайды.

Әрбір отбасының өзіне ғана тән ерекшеліктері бар, олардың жас ерекшелігі және туысқандық қатынастар бойынша құрамының әр түрлі болуы, отбасы өмірінің стилі, материалдық байлық пен рухани құндылықтарды пайдалану мүмкіндігі, отбасының ересек мүшелерінің әлеуметтік кемелдігі т.б. Мұның барлығы баланың күнделікті өмірін ұйымдастыру мен қоса, оған тәрбиелік ықпал жолдарын анықтайды.

Жеке тұлғаның қалыптасуы- отбасы өмірінің тұрмыс-тіршілігін ұйымдастыру, көңіл-күй - адамгершілік тынысы, қалыптасқан жан дәстүрлері сияқты барлық саласымен тығыз байланысты. Міне сондықтан да баланы тәрбиелеу оның өмірін ұйымдастыру ата-ананың өзін-өзі тәрбиелеу, отбасы өмірін дұрыс ұйымдастыра білу, жылы да бейбіт, микроклиматты қамтамасыз ететін ізгілікке құрылған үй ішілік қарым-қатынасты орнықтырудан басталады. [10]

Ал отбасылық микроклиматтың дұрыс болуы көбінесе педагогикалық ықпалдың тиімділігін арттыруға септігін тигізеді, яғни өзара құрмет, достық сенім атмосферасында өскен бала жетекке оңай жүріп, тәрбиелік әсерге көнгіш болады. Біз төменде отбасының ықпал деңгейіне анықтау схемасын бере отыра оған толық тоқталуды жөн көрдік.

№1

Отбасының тәрбиелік ықпал деңгейін анықтау

Отбасының әлеуметтік құндылығы

Ересек адамдардың тарапынан қойылатын талаптың бірлігі

Отбасындағы өзара қарым-қатынастың дұрыс болуы

Отбасылық дәстүрлер

Отбасындағы еңбекке қатынас

Отбасындағы балаларға отбасындағы көңіл-күй қатысы.

Сонымен, отбасының тәрбиелік ықпал деңгейін былайша анықтауға болады:

1. Отбасының әлеуметтік құндылығы. Бұл отбасының беріктігімен, оның мүшелерінің адами, рухани жан саулығымен, ортақ іске қызығушылықтың болуымен анықталады. Пайдалы іс - әрекетке толы күнделікті ортақ тірлік отбасылық және қоғамдық мерекелер, мәдени және спорттың демалыстар отбасының бірлігін нығайта түседі өсіп келе жатқан кішкентай азаматқа үлкен қуаныш сыйлайды.

2. Балаға оны тәрбиелеуші ересек адамдардың тарапынан қойылатын талаптың бірлігі. Бұл жерде атақты педагогтар А.С.Макаренко В.А.Сухомлинский, Л.С.Выготский, Т.А.Ильина және т.б. ғалымдардың педагогтарға арналған тәрбиенің педагогикалық мақсат-міндеттерге жұмылған барлық тәрбиешілердің ортақ ісі екендігі, егер педагогтардың тәрбиеге ортақ көзқарасы, қатынасы болмаса, мақсатқа бағытталған тәрбие үрдісін қамтамасыз ету мүмкін еместігі жөніндегі сөзін еске алуға болады.

Отбасының барлық ересек мүшелері бала үшін тәрбиеші, олардың тарапынан болатын талаптың бірлігі өте маңызды.

3. Отбасылық өзара қарым-қатынастың дұрыс болуы. Бала тәрбиесінде әке мен шеше рөлінің өте маңызды екені белгілі. Ана өз баласының тәрбиешісі ғана емес, отбасының ұйытқысы. Отбасы мүшелерінің өзара түсінісуінің, бір-біріне кішіпейіл, қамқор қатынасы мен үйде жылы атмосфераның орнығуына бірден бір себепкер болатын әйел - ана. Сондай-ақ әке - азамат, отағасы, тәрбиеші. Парасатқа құрылған «әке-шеше» қатынасы баланың адамгершілік сапаларына жетудегі теңдесі жоқ үлгі-өнеге.

4. Отбасылық дәстүрлер. Отбасының рухани байлығы мен потенциалды тәрбиелік мүмкіндіктерін, онда қалыптасқан

дәстүрлерге қарап анықтаймыз. Уақыт сынынан, өмір елегінен өткізілген отбасылық дәстүрлер бала тәрбиесіне аса зор ықпал етеді. Бұл отбасыны ұжым ретінде нығайта түседі. Қалыптасқан өзара жауапкершілік пен теңдік атмосферасы баланың өзіншілдік, жалқаулық, дәрменсіздік, қанағатсыздық сияқты жаман қасиеттерден аулақ болуға баулиды.

5. Отбасындағы еңбекке қатынас. Үйдегі барлық отбасы мүшелеріне ортақ жұмыстарға үлкендермен бірге араласа отырып, бала алдында әркімнің өзіндік міндеті бар екенін, оны орындау қажеттігінің маңызын байқайды үлкендер де, балалар да не істегісі келсе соны істеп қана қоймайды, сонымен бірге оны тек өзі үшін ғана емес басқалар үшін жасайтынын, яғни отбасы ұжымының барлық іс-әрекеті ортақ қажеттілікке бағынатындығын саналы түсінеді.

6. Отбасындағы өсіп келе жатқан жеке тұлғаның қалыптасуына жанұядағы көңіл-күйге қатысты адамгершілік микроклиматтың әсері де зор. Кейбір отбасында барлық жағдай байыппен, ақылмен шешіледі, ал кейбір отбасыларында жәй әңгіменің өзі ұрыс-керіспен балаларға дауыс көтерумен шешіледі. Осынау атап көрсетілген тәрбиелік ықпалдың дұрыс жүзеге асуы жанұядағы-балаға берілетін өнегенің нәтижелі болуының айғағы деуге болады десеңіз, отбасы-баланың сезім мектебі. Ондағы ересектердің әрбір іс-әрекеті, сөзі араласатын адамдармен қарым-қатынасының барлығына бала еліктей отырып, бойына жұқтырады. Егер бала ересектер қатынасынан үнемі татулық, достық, жанашырлық, адалдық, өзара көмекті байқайтын болса, бұл бала жүрегіне адамгершілік-ізгілік сезімдерін құяды, ал керісінше дау-жанжал, өсек, өтірік, немқұрайлылық, бас пайдасын ойлау, қатыгездік сияқты қасиеттер байқалса, бала санасын улайды.[10]

Біздің халқымыздың әдепті де сыйластық қарым-қатынастарға әуелден көңіл бөлгендігі баршамызға белгілі. Осыған байланысты «ұлық болсаң – кішік бол», «Сыйластық екі жаққа бірдей» деген мақал-мәтелдер ұрпақтан-ұрпаққа ауысып бүгінге жеткен. Әрине, мұның бәрі халқымыз ұстанған тәлім-тәрбиенің жүйелі бағдары. Бұл орайда қазақ халқына тән қонақ жайлылық, үлкенді құрметтеу, ағайын туғанға бауырмалдық, аталы сөзді қадір тұтып,

берген уәдеге тұра білуге үйрету ұрпақ тәрбиесінде еш уақытта қалмайтын үрдіс. Осыған қоса біз бүгін XXI ғасырдың бірінші-он жылдығында өмір сүріп отырғандығымызға назар аударсақ қоғамның, ғылымның, техниканың, адам санасының дамуында ұлы өзгерістер болып жататынын мойындаймыз.

Адам қоғам мүшесі. Сондықтан оның психикалық қасиеттері қоғамдық тұрмысы арқылы қалыптасады, яғни адамның психикасы, санасы оның қоғамдық тұрмысы жағдайына байланысты дамиды. Осы орайда бүгінгі мектеп партасында отырған балалардың көпшілігі кеше 90-шы жылдары дүниеге келген балалар, есі кіріп жаңа ғасыр есігін ашып отырған біздің болашағымыз. Ал осылардың отбасындағы, мектептегі тәрбиесіне келер болсақ қандай өзгеріс бар. Өкінішке орай үлкен бір өзгеріс жоқ деп айтуыма болады. Баяғы бір қатып қалған сұрлеумен жүріп келеміз. (Тентек болма, ұрлық жасама, үлкендерге сәлем бер, түнде қаңғыма деген сияқты) немесе отбасында дастархан басына отырғаннан бала тұрып кеткенше таусылмайтын ақыл айтумен шектелеміз, сол айтылған ақыл сөздер мектепке келгенде де жалғасын табады. Міне, осыдан барып бала мезі болады да, айтқанға құлақ аспайтын, тіл азар болып шығады. Психологияда, адам бала кезінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді танумен өседі. Есі әбден кіргенше өзгеден, әсіресе анасынан сөзін айырады және сол кездегі бала санасына құйылған нәрсе өмірлік ұмытылмайды делінеді.[11]

Демек, бала тәрбиесіндегі жаңа үрдіс, тәрбие технологиясын осы кезден бастаған дұрыс болар. Бұл орайда алпысқа жетпей-ақ, айналамыздағы мәдениетті халықтардың қолданып жүрген ауызекі сөздерін, сөйлеу, сөйлесу мәнерімізге қосуды үйренсек болатын сияқты. Еврейлер елінде ешқашан баланы балағаттап, ұрсып жатпай, керісінше «Балам, ертең сен ұшқыш боласың» немесе «Болашақта сенің өте жақсы азамат боларың сөзсіз» деп тәрбиелеп отырады екен. Осындай тәрбие үрдісі бала бойында мәңгілік қалады. Яғни, (кешіріңіз, кешірім өтінемін кешірім сұраймын, ренжімеңіз, рахмет, сау болыңыз, қуанышыңызға ортақпын деген сыпайы сөздерді, көне тілімізге енгізуден бастасақ, біздің болашақта қиянатқа бармайтын, кісі жанына қастандық жасамайтын адал жүректі, кішіпейіл, адамгершілігі мол, иманды азаматтарды тәрбиелеуге бағытталғандығымыз болар еді. Бұл біздің әлемдегі жоғары деңгейдегі мәдениетті елдердің қатарына қосылуымыздағы қосқан

ұлттық үлесіміз болады деп түсінеміз. Адамдар арасындағы қатынасты жақындата түсіп, дамыған 50 елдің қатарына өркениетті халық ретінде қосылуымызды қамтамасыз етері шындық.

Салауатты отбасы -өркениетті қоғамның талабы. Қазіргі заманғы отбасы тәрбиесінің жағдайына әлемдік деңгейде мән беріліп отыр. Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу, ең алдымен, әр отбасындағы өмірді дұрыс ұйымдастырудан басталмақ. Оған дәлел 1989 жылы біріккен ұлттар ұйымында қабылданған, кейіннен 1995 жылы Қазақстанда қабылданған «Баланың құқығы туралы конвенция» бола алады. Онда «Бала толық және үйлесімді дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет. Сондай-ақ бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе, құқықтық қамқорлыққа мұқтаж» деп көрсетілген. Бұл құжатта әрбір ата-ана жасөспірімдердің өркениетті елдерде қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамасыз етуге міндетті екендігін айта келіп, ол білімдердің мына бағытта: баланың жеке басын,

талантын, дене және ақыл-ой қабілетін дамыту, адам құқығын құрметтеу, өз ата-анасын сыйлауға, оның мәдени тұрмыс-салтын тілі мен құндылықтарын, елінің ұлттық байлықтарын бағалауға тәрбиелеу, еркін қоғамда ынтымақтастық, түсіністік, ұлтаралық қарым-қатынаста достық рухында саналы өмір сүруге дайындау, қоршаған ортаға жанашырлықты тәрбиелеу керектігін ұсынып, заман талабы бойынша бүгінгі жанұяда үлкен жауапкершілік пен жоғары парасаттылық жүктеледі.

Оқушының жеке тұлғалық қалыптасуына отбасы тәрбиесінің ықпалы философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерде ерекше көңіл бөлініп, Қазақстандық ғалымдар Ж.Қоянбаев, Л.Лысенко, Р.Тілеубекова, Ж.Әбдиев және т.б. өз зерттеулерінде ұлттық дінді ескере отырып қоғам талабына сай бала тәрбиесін ұйымдастырудың ұтымды жолдарын көрсете білген. [13]

Тәрбие көпқырлы және үзіліссіз үрдіс болғандықтан мына мәселелер, атап айтсақ: отбасының бала бойында жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы тәрбиелік мүмкіндіктері, отбасы мен мектептің бірлескен жұмысында жеке қасиеттерді қалыптастырудың педагогикалық шарттары және т.б. дербес зерттеулерді қажет етеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бержанов К., Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы: Мектеп, 1984.-190б.
2. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. – Алматы: Дарын, 2006.-480б.
3. Елікбаев Н. Ұлттық психология. – Алматы: Қазан Университеті, 1992.-96б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.-153б.
5. Сабыров Т.С. Абай тәлімі. – Алматы: 1995.-56б.
6. Жатқанбаев Ж.Ж. Өзіңді-өзің тани аласың ба? – Алматы: 2004.-130б.
7. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1981.-247б.
8. Жарықбаев К. Жантану негіздері. – Алматы: 2002.-415б.
9. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2004.-448б.
10. Балтаұлы С.Б. Жалпы психология. – Алматы: Дарын, 2005.-349б.
11. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2004.-340б.
12. Педагогика. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2003.-368б.
13. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2002.-384б.
16. Қалиев С. Оқушының тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2001.-224б.

#### Ақманова Ғалия Рахметоллаевна

**Лауазымы:** Педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Пошталық мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Семей қ., Физкультурная көш., 1

**Ұялы тел.** 8 777 742 22 12

#### Коккозева Кульчария Шамильевна

**Лауазымы:** Педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Пошталық мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинки көш., 39-32

**Ұялы тел.** 8 777 541 45 79

#### Жайргазина Нургуль Тоқановна

**Лауазымы:** Педагогика және бастауыш оқытудың педагогикасы магистрі, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Пошталық мекенжайы:** 071410, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинки көш., 31А-50

Ұялы тел. 8 702 852 41 40

**Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастырудағы отбасы тәрбиесінің қоғамдық рөлі**

**Акманова Галия Рахметоллаевна**

**Должность:** Кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет.

**Почтовый адрес:** г. Семей, ул. Физкультурная, 1

**Сот тел.** 8 777 742 22 12

**Коккозева Кульчария Шамильевна**

**Должность:** Кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет.

**Почтовый адрес:** г. Семей, ул. Глинки 39-32

**Сот. тел.** 8 777 541 45 79

**Жайргазина Нургуль Тоқановна**

**Должность:** Магистр педагогики и методики начального обучения, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет.

**Почтовый адрес:** г. Семей, ул. Глинки 31А-50

**Сот. тел.** 8 702 852 41 40

**Общественная роль семейного воспитания в формировании личностных особенностей младших школьников**

**Akmaneva Galia Rahmetollaevna**

**Position:** Candidate of Pedagogical science, senior lecturer, Department of pedagogy and psychology, Kazakh humanitarian and law innovation University

**Postal address:** Semey, Pizkulturaia street, 1

**honeycomb tel:** 8 777 742 22 12

**Kokkozeva Kulshariy Shamilevna**

**Position:** Candidate of Pedagogical science, senior lecturer, Department of pedagogy and psychology, Kazakh humanitarian and law innovation University

**Postal address:** Semey, Glinki street, 39-32

**honeycomb tel:** 8 777 541 45 79

**Zhairgazina Nurgul Tokanovna**

**Position:** Master of pedagogy and methods of primary education, senior lecturer, Department of pedagogy and psychology, Kazakh humanitarian and law innovation University

**Postal address:** Semey, Glinki street, 31A-50

**honeycomb tel:** 8 702 852 4140

**The social role of family education in the formation of personal characteristics of younger students**